

## «Бес асыл» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған ой-танымдық іс-шара

20.04.2020ж. күні «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының оқытушылары Атькен Е. және Мақсұтова Ж.Қ. ұйымдастыруымен ОП-18-1с, ОП-17-2 тобының студенттерінің арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберіндегі «Бес асыл» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған ой-танымдық іс-шара өтті. Төтенше жағдайдағы қашықтан оқыту жүйесіне сәйкес онлайн түрде өткізілген тәрбиелік іс-шараға ректордың кеңесшісі Асқаров Б.Ш., ЖКФ деканы Құрмашева Б.Қ. және орынбасары Оспанғалиева М.Т., кафедра оқытушылары Кенжекеева А.Р., Балабаев О.Т. қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты Абай даналығы арқылы өз болмысымызды, асыл қасиеттерімізді тану. Хакімнің ғұмырлы сөздерін жас буынның санасында қайта жаңғырту, Абай сырының тереңіне үңілу, өлмес өлеңдері мен қара сөздері арқылы тәрбие мұратын айқындай түсу.

Студенттер Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айтып, өз құрметтерін, таным деңгейлерін жақсы көрсетті. Жалпы алғанда іс-шара жоспар бойынша жақсы деңгейде өтті.

*«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының  
аға оқытушысы Атькен Е.*





